Қоғамда азаматтардың құқықтары міндеттерімен тікелей байланысты. Құқықтар мен бостандықтарды бір-бірінен еш уақытта бөліп қарауға болмайды. Құқықтық сана әрқашан азаматтардың конституциялық міндеттерін бұлжытпай орындауды талап етеді. Мысалы, Қазақстан Республикасының әрбір азамат Конституцияны сақтауға, салық төлеуге, отанды және табиғатты қорғауға міндетті. Сондықтан барлық жағынан алып қарағанда, құқықтық сана заңдылықты нығайтудың берік кепілі ретінде танылады.

Құқықтық сана құқық нормаларының мәнін, мазмұнын түсінуге мүмкіндік береді. Құқық қолданатын субъект құқықтық сана мүмкіндігін пайдалана

отырып, құқық нормасын мәнін ұғынады, содан кейін ғана оның, мазмұнын түсіндіру, қолдану құқына ие болады. Мысалы, тергеуші, судья нақтылы іс бойынша жасалған қылмысты дәлелдемелер арқылы анықтап, қылмыстық кодекстің нормасын қолданады. Бұл күрделі және асқан жауапкершілікті талап ететін әрекет болғандықтан, құқықтық сананың іс бойынша жиналған дәлелдемелерді бағалаудағы рөлі өте зор.

Қоғамды, мемлекетті дамытуда, оның құқығын нығайтуда қуатты құралдың бірі — еңбекші бұқара. Сондықтан заң жобаларын талқылауға, құқықтық нормалардың дұрыс қолдануына, мүлтіксіз орындалуын бақылауға олар белсене қатысады. Құқықтық сананы заңды мінез-құлық деп те атайды. Бұл құқық нормаларының нұсқауларына сәйкес келетін жеке тұлғаның сана-сезімі. Осы сана-сезім арқылы заң орындалады, жүзеге асырылады. Егер адамдардың мінез-құлықтары құқық нормаларының талаптарына сәйкес келсе, онда құқықтық тәртіп нығаяды.

Құқықтық сана-сезім арқылы қоғам басқарылады, оның өмірі қалыпты жағдайда жүргізіледі, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары жүзеге асырылады. Мұны азаматтардың көбі түсінеді, сондықтан құқықтық қатынастардың басым көпшілігі заңды мінез-құлық негізінде құрылады. Азаматтар құқықтың талабын белсенділікпен немесе енжарлықпен орындайды. Соған сәйкес сана-сезім екіге бөлінеді: белсенді заңды мінез-құлық және бәсең (енжар) заңды мінез-құлық. Белсенді заңды мінез-құлық — лауазымды тұлғалардың азаматтардың өз бастамасы мен белгілі мақсатқа бейімделген заңды әрекеттері. Бұл мінез-құлықтың түрлері сан алуан. Ол субъектілердің өз міндеттерін адал ниетпен, сапалы атқарып, азаматтардың өздеріне жүктелген міндеттерін қалтықсыз сапалы түрде орындауы, сонымен

қатар құқықтарын жүзеге асыра отырып мемлекеттің, қоғамдық ұйымдардың жұмысына белсене қатысып әлінше көмектесу, заңдардың жобаларын талқылауға ат салысып, өз пікірін ортаға салу – міне, құқықтық белсенділікке осындай әрекеттер жатады.

Құқықтық сана қоғам тапқа бөлініп, мемлекет пен құқық пайда болғанда қалыптасады және әртүрлі мағындағы қасиеттерге ие болады. Мысалы, құл иеленуші мемлекетінде құл иеленушілердің құқықтық саналары негізінде «құлдарды қанау», «басып жаншу», «баю» сияқты ұғымдармен уланған болса, керісінше, құлдардың құқықтық санасының негізгі өзегі – азаттық, теңдік, бостандық. (Мысалы, б.ғ. дейінгі I ғасырдағы Римдегі Спартак, б.ғ. дейінгі I–II ғасырлардағы Қытайдағы «Сары тартқандар» және «Қызыл кастар» көтерілістері және т.б. сондай қарулы көтерілістер.) Таптық қоғамда сана да таптық сипат алады.

Құқықтық сана қоғамның қондырмасынан орын тебеді, оның құрамындағы саяси, көркем, эстетикалық, теориялық, кәдімгі, діни, этикалық, саналардың түрлерімен тығыз байланыста қалыптасады және дамиды. Бірақ бір сананың түрі құқықтық санаға мол әсер етуі мүмкін. Мұндай жағдайда индивидтің құқықтық санасы не прогрессивтік, не регрессивтік, не конформистік, не ниглистік және инфантильдік қасиеттер мен мінез-құлықты қабылдауы мүмкін. Сана адамдардың өзара іс-әрекеттерінің нәтижесінде өмірге келіп, дамып, ескіріп, жаңарып жатады. Бұл объективтік өте күрделі процесс, сан алуан бағытқа, жүйеге бөлініп қоғамның сана-сезімін топтастырып қалыптастырады. Оның негізгі нысандары: саяси, моральдық, ұлттық, эстетикалық, діни, құқықтық т.б. сана-сезімдер. Бұлар бір-бірімен тығыз байланыста дамып отырады.

Мемлекет және құқық теориясы қоғамдағы сана-сезімнің объективтік

даму процесіне сәйкес құқық саналығының маңызын дамытып, нығайтып отырады. Құқықтық сана-сезімнің мазмұны төрт жүйедегі қарым-қатынастарды қамтиды: қоғамдағы нормативтік актілердің даму, жаңару, орындалу, қорғау процесін, оған халықтың сана-сезімінің әсерін, көзқарасын, іс-әрекетін біріктіреді.

Сонымен, қоғамдағы құқықты дамыту үшін, заңдылықты, тәртіпті қатаң сақтау үшін құқықтық сана-сезімнің маңызы өте зор. Бұл сана-сезімді қоғам көлемінде дамыту керек, әсіресе заңгерлердің, органда қызмет атқаратын азаматтардың білімі, тәжірибесін, сана-сезімін көтеруді қажет етеді. Сонда ғана қоғамда заңдылық, құқықтық тәртіп болады.

Еліміздің өтпелі дәуірдегі саяси-әлеуметтік негізі мен болашағы «Қазақстан–2030» стратегиясында нақтылы бағдарланған. Ол республикадағы ұлттардың өзіндік сұраныстарын зерттеуге, олардың дамуына қатысты Қазақстан Республикасы Конституциясының қағидаларын жүзеге асыру жолдарын айқындаған құжат. Бұл орайда мемлекеттік органдардың қызметі әуел бастан халықтар арасындағы мәдени байланыстарды дамытуға, олардың рухани бірігуіне және татулығына бағытталғаны маңызды.

Қазіргі нарықтық құбылыстар ауқымы меншікке жаңаша қатынас, кәсіпкерлік, еңбекті жаңаша ұйымдастыру, саяси жүйеге сыпайылық, «құқықтық ойлау», іскерлік, электрондық есептеу шеберлігі, саяси-құқықтық және экологиялық мәдениет және т.б. қасиеттерді жетілдіруді қажет етеді. Жаңа қоғамдық қатынастар өз заңдылықтары арқылы жетіледі. Құқықтық сана субъектілері бойынша бірнеше түрлерге бөлінеді.

Жасөспірімдердің құқықтық санасы – жас ерекшеліктеріне, кәмелетке толмағандығына байланысты, өзіндік ерекшеліктері бар сана. Бұл сана жасөспірімнің организмі қалыптасып,

жетілу кезеңіндегі ерекшеліктерден туындайды. Құқықтық тәрбие барысында осы өлшемдер міндетті түрде ескеріледі.

Сонымен, құқықтық сананың сапасын жақсартып, қоғамдағы оның маңызын көтеруге зор үлес қосатын құқықтық психология мен құқықтық идеология. Бұл психология мен идеологияны теңестірсек, идеология басым болады. Өйткені психология адамдардың санасында заңдарға олардың қолданылуына байланысты туған тек әсерлерін, көңіл-күйін, сезімдерін ғана көрсетеді. Ал идеологияның қоғамға әсерінің шеңбері де, кеңістігі де өте кең, маңызы да анағұрлым жоғары. Идеология құқық жөніндегі пікірлер мен көзқарастарды белгілі бір жүйеге келтіріп, ғылыми негізде дәлелдеп қызмет атқарады.

Қазіргі кезеңде қоғамның бірте-бірте демократиялық дамуы жалпы білім беретін орта мектептерде мектеп басшы-

ларынан, мұғалімдерден құқықтық тәрбиені зор шеберлікпен, шығармашылықпен іске асыруды талап етеді.

Құқықтың мәдениеттің осы екі деңгейіне көтерілген, яғни құқықтың білімді меңгерген, заңды құрметтейтін адам заңға қайшы келетін әрекеттерден аулақ болады. Тек қана заңға сәйкес жүру дағдысы пайда болады. Мұны заңға мойынсұнушылық дейді. Бұл деңгейлік сатыда ішкі қозғаушы күш – адамның ұяты, ар-ожданы. Ұят, ар-ождан және сенімдер адамның мәдениеті тек қана заңға мойынсұну емес, заңды қорғау үшін тұрақты белсенді әрекетке қатысуға дайын тұру.

«Балаңды беске дейін ештеңеден тыйма, бестен он үшке дейін құлыңдай қина, он үштен ары сырласыңдай сыйла» дегендей мына мақал-мәтелдің мәні зор және осыны ұстанған ата-ана дұрыс бағытты ұстанды деп айтуға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбенбаев С. «Тәрбие теориясы мен әдістемесі», Алматы – Дарын, 2004ж.
2. Кукушин В.С. Теория и методика воспитательной работы: Учебное пособие. – Ростов нД: Издательский центр «МарТ», 2002ж.
3. Болдырев Н.И. Мектептегі тәрбие жұмысының методикасы. – Алматы: Мектеп, 1987ж.
4. Әмірәлиева Ш. Аға ұрпақ тәжірибесі жастарға. – Алматы, 1982ж.
5. Айтмамбетова Б.Р. Тәрбие процесінің мәні және мазмұны. Тәрбие принциптері (5-лекция). – Алматы, 1991ж.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН КУРСТАН КЕЙІН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

К.Ж. Рахатова

«Өрлеу» БАҰО» АҚ Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, Ақтөбе қ.

Аңдатпа. Мақалада педагогикалық қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін курстан кейін жетілдіру мәселелері көтерілген. Бұл мәселені біліктілікті арттыру институттары мұғалімдерінің курстан кейінгі жүйелі қызметін тиімді жоспарлау мен ұйымдастыру арқылы шешу жолдары ұсынылған. Аталған бағытта жүргізілген жұмыстардың іс-тәжірибесі мен оның тиімділігі баяндалған.

Аннотация. В статье поднимается проблема совершенствования профессиональной компетентности педагогических работников. Предлагается ее решение через планирование и организацию институтами повышения квалификации системной посткурсовой деятельности учителя. Описывается опыт работы в данном направлении и его эффективности.

Abstract. The problem of perfection of professional competence of pedagogical workers rises in the article. Its solution is offered through planning and organization by the institutes of in-plant training of system post-course activity of teacher. Experience is described in this direction and his efficiency.

Тірек сөздер: педагог, курстан кейінгі әдістемелік қолдау жүйесі, кәсіби құзыреттілік.

Ключевые слова: педагог, система методической посткурсовой поддержки, профессиональная компетентность.

Keywords: teacher, system of methodical after a course support, profession competence.

Білім беру жүйесіндегі әдістемелік жұмыс «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Оқу әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізу ережелері» туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 29.11.2007 жылы бекіткен № 583 бұйрығы негізінде жүзеге асады [1].

Әдістемелік жұмыстан күтілетін нәтиже педагогтің кәсіби құзыреттілігі деңгейімен өлшенеді. Педагогтің кәсіби құзыреттілігі туралы мәселелерді Л.П. Аристова, Е.Д. Безниско, Е.В. Бондаревская, И.О. Ганченко, Н.Г. Дайри,

М.А. Данилов, И.Я. Лернер және т.б. зерттеген.

Қазақстанда педагогикалық қызметкерлердің құзыреттілігін қалыптастыру мәселесімен Г.К. Ахметова, М.Балтабаев, С.Т. Каргин, Б. Кенжебеков, Г. Меңлібекова, С.Д. Мұқанова, М.В. Семенова, Н.Д. Хмель, В.В. Шахгулари, Л.А. Штукина және т.б. айналысты.

Аталған ғылыми еңбектерді талдай келіп, дұрыс ұйымдастырылған әдістемелік қызмет қана педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға ықпал етеді деген тұжырымға келеміз.

Біліктілік санатына сәйкес білімі мен бейіні бар, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, аралас сала қызметінен өз кәсібін еркін меңгерген, әлемдік стандарт деңгейінде мамандығы бойынша тиімді жұмыс жасауға қабілетті, әрдайым кәсіби өсуге дайын, әлеуметтік және кәсіби шапшаң мұғалім біліктілікті арттыру институты қызметінің бірден бір объектісі болып саналады. Жалпы алғанда, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетелеу үдерісін ұйымдастыру – біліктілікті арттыру институты жұмысының сапасы мен тиімділігінің кепілі. Осыған байланысты, білім беру мекемелері қызметкерлерінің әдістемелік жұмысын дамыту педагогикалық жүйе түрінде көрсетіліп отыр (1-сурет).

Ғылыми еңбектерде көрсетілген педагогикалық жүйе астарында ұйымдастырылған, мақсатқа бағытталған әдістемелік қолдауды қалыптастыруға қажетті құралдар, әдістер мен үдерістер жатыр [2].

Педагогикалық жүйе қызметі – қоғам міндетіне бағытталған мақсатты орындау. Қоғамның әлеуметтік сұранысы (инновациялық типтегі педагогті даярлау) мен педагог тұлғасына деген талаптар көрсетілген педагогикалық жүйенің мақсатты компоненттерін құрайды.

Педагогті әдістемелік қолдаудың қызметтік компоненті түрінде жүретін диагностикалық кезең, курстық дайындық және курстан кейінгі жетелеу-біліктілікті арттыру институтының мақсатқа бағытталған мазмұнды әрекеті.

Қызметтік компонентке екі кезеңнің өзара байланысы енеді:

1-кезең – біліктілікті арттыру институты мен басқа білім беру мекемелерінің өзара байланысы;

2-кезең – біліктілікті арттыру институты мен педагогтердің өзара байланысы.

Бірінші кезең негізгі, анықтаушы кезең болып табылса, екіншісі кері


байланысты нығайтатын кезең болып есептеледі. Екіжақты үдерісті өзара байланыстыратын педагогтердің жеке ерекшеліктері, мүмкіндіктері, қажеттілігі, педагогикалық әлеуеті, жеке перспективасы, тұлғалық дамуы мен кәсіби өсуі. Мұғалімдердің қажеттілігін өтеу облыстық білім басқармасының, орталықтардың, бөлімдердің нақты мәліметтерімен жүзеге асып, курстық дайындық пен курстан кейін қолдау жұмысын жүйелі жоспарлауға мүмкіндік береді.

1-кестеде көрсетілген облыс педагогтерін курстан кейін қолдау пәндік білім берудің қажеттілігімен және өз ерекшелігімен анықталды.

Біліктілікті арттыру институттарында курс кезіндегі және курстан кейінгі әдістемелік қолдау жылдам қарқынмен дамып келе жатырған қоғам сұранысына сәйкес және мұғалімнің педагогикалық қажеттілігін өтеуге бағытталады. Сәйкесінше, әдістемелік қолдаудың нәтижелі компоненті болып, білім мазмұнын жаңарту жағдайында шығармашылықпен еңбек ететін және өзінің кәсібилігін үнемі жетілдіріп отыратын құзыретті педагог қалыптасады.

Педагогті әдістемелік қолдаудың курстан кейінгі кезеңін зерттей келіп, мұғалімдердің жаңашылдықты тәжірибеге енгізу қиыншылықтары күнделікті еңбек әрекеті кезінде кездесіп отыратынын көреміз.

Америка ғалымдарының зерттеулері бойынша (Б.Блум, Р.Брот) курстан өткен мұғалімдердің 60%-ы алған білімін тәжірибеге енгізуге ұмтылады екен. Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының зерттеуі бойынша бұл дерек 82%-ды құрайды. Алайда, бір жылдан кейін, жаңашылдықты қолдану азая түседі. Ал бір жылдан кейін, Б. Блум мен Р.Броттың зерттеуінше, курстан



1-сурет. Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің әдістемелік жұмысын дамыту

кейін тек 50 % мұғалімдер ғана курста оқығандарын тәжірибеге үнемі енгізіп отырады [3]. Осы мәселені шешу және болдырмау үшін біліктілікті арттыру институты қызметкерлері мұғалімдермен жүргізілетін кері байланысты үдетуі тиіс.

Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының

қызметінің негізі болып Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» мен «Өрлеу» БАҰО» АҚ «2011-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасы» болып табылады.

1-кесте. Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілікті арттыру институтының педагогтерді курстан кейін әдістемелік қолдау бағыттары

№	Курстан кейінгі қызмет бағыттары	Жүзеге асыру түрлері
1	Педагогтерді кеңес берумен қолдау	1. Үздік педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау, тарату. 2. Әдістемелік десанттар. 3. Желілік қоғамдастық қызметін үйлестіру.
2	Педагогтердің эксперименталдық қызметін ғылыми қолдау	1. Педагогтерді ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысуға тарту. 2. Ғылыми-зерттеу жобаларын дайындауға басшылық жасау. 3. Оқу-әдістемелік материалдарға пікір беру. 4. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың жүргізілуіне кеңес беру.
3	Педагогикалық бастамаларды ілгерілету	1. Білім беру мекемелерінің инновациялық даму қорын құру. 2. Педагогтың әдістемелік басымдарын баспадан шығару. 3. Республикалық «Әдіскер жаршысы», «Білім нұры» журналдарына мақала жіберу.
4	Педагогтің шығармашылық әлеуетін ашу	1. Педагогті кәсіби байқауларға (Педагогикалық оқулар, Үздік жыл әдіскері, Үздік жыл психологы және т.б.)
5	Педагогтерді білім беруді жаңартудың мәселелері бойынша ғылыми-әдістемелік тұрғыда жетелеу	Семинарлар, оның ішінде, он-лайн, вебинар, тимбилдинг, практикум, тренинг, дөңгелек үстел және т.б.
6	Педагог қызметін ақпараттық-әдістемелік жетелеу	Білім беруді дамытудың басым бағыттары бойынша ғылыми, оқу-әдістемелік, сөздік басылымдар шығару: - білім мазмұнын жаңарту; - көптілді білім бері; - оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру; - шағын жинақты мектептердегі педагогикалық процесті ұйымдастыру; - техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту туралы.

Курстан кейінгі зерттеу көрсетілген әдістемелік қолдауға мұғалімдердің қанағаттанатынын дәлелдейді:

- әдістемелік ісшаралар тәжірибе мазмұнымен үндеседі;
- курстан алған білім мен дағдылар тәжірибеде қолданылады.

Филилал қызметкерлерінің әдістемелік көмегі бәрінен бұрын курсаралық және курстан кейінгі ісшараларды сәтті ұйымдастырумен, инновациялық тәсілдерді, белсенді әдістерді қолданумен, таратылатын материалдардың сапалығымен ерекшеленеді.

Сонымен, педагогикалық жүйе құрылымындағы мұғалімдерді курстан кейін қолдау әр қызметкердің кәсіби құзыреттілігін жетелеу құралы болып табылды.

Біліктілікті арттыру институтының инновациялық қызметі осылайша сапаға, тиімділікке, үздіксіз дамуға бағытталынады.

Әдебиеттер тізмі:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
2. «Оқу әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізу Ережелері» ҚР Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 бұйрығымен бекітілген.
2. Коджаспирова Г.М., Коджаспирова А.Ю. Педагогический словарь: Для студентов высш. и сред. пед. уч. заведений. - М.: Изд. Центр «Академия», 2001. - 176 бет.
3. Bloom B., Brot R. Quality is Free: Mentor Books.-New York, 1979.

ОӘЖ 378.046.4

КОУЧИНГ САБАҚТАР АРҚЫЛЫ ӘРІПТЕСТЕРДІҢ ТӘЖІРИБЕСІНЕ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ

Қ.Қ. Бурунбетова

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана қ.

Р.Т. Изгуттинова

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Өскемен қ.

Б.К. Хасенова

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана қ.

Аңдатпа. Мақалада коучингке түсініктемелер келтірілген және коучинг сабақтарын жүргізу арқылы мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыру еркішеліктері қарастырылған.

Аннотация. В статье приведены пояснения понятия «коучинг» и рассматриваются особенности повышения квалификации учителей школ через коучинговые занятия.

Abstract. In article are provided explanations to coaching and they are considered features of professional development of schools teachers through coaching occupations.

Тірек сөздер: коучинг, ересектерді оқыту, мектептегі коучинг мәдениеті, білім мазмұны, технология.

Ключевые слова: коучинг, обучение взрослых, культура коучинга в школе, содержание образования, технология.

Keywords: coaching, training of adults, culture of coaching at school, the content of education, technology.

Әлемдік жаһандану жағдайында білім мақсаттарының түбегейлі өзгеруімен қатар, білім беру саласында мектеп тәжірибесіне білім берудің инновациялық үлгілері де еніп жатыр. Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламаларына сай

білім беру үшін оқыту технологиялары да өзгеруі керек, олар интербелсенді және іс-әрекетке бағытталуы тиіс.

Білім мазмұнының, құндылықтарының, технологияларының жаңаруы осы үдерісті жүргізетін субъектінің, яғни

мұғалімнің өзінің, оның кәсіби құзыреттіліктерінің, педагогикалық позициясының, жеке қасиеттерінің өзгеруін де талап етеді.

Білім беру саласында болып жатқан өзгерістер білім алушылардың теориялық білімді меңгеріп қана қоймай, алған білімдерін тәжірибе жүзінде толық қолдана білу дағдыларының болуын талап етеді. Білім беру жүйесіндегі орын алып отырған кейбір олқылықтарды қалай жоюға болады? Теоретиктердің тәжірибе жүзінде жұмыс жасауларын қалай жолға қоюға болады? Бұл сұрақтар бір күнде немесе бір мезетте шешілетін мәселе емес екендігі айқын.

Оқушылардың теорияны ғана меңгеріп қоймай, алған білімдерін тәжірибе жүзінде іске асыруларына көмектесетін бағыт-бағдар беретін, оқулары мен оқушылардың шағын зерттеу жұмыстарын жүргізуге белсендіретін, олардың оқу барысында туындаған мәселелерін шешуде қамқоршы бола алатын, оқушы білімінің келесі сатысына көтерілуге кері байланыс жасай отырып табыс критерийлеріне сай баспалдақ құрып беретін, сабақ жоспарларын әрбір оқушының қажеттіліктеріне байланыстырып, тиімді стратегияларды қолданып жоспарлай алатын көшбасшы мұғалім керек. Ондай мұғалімдерді қайдан аламыз? Мұғалімдердің өз әріптестерімен ынтымақтастықта жұмыс істей отырып, коучинг және тәлімгерлік үдерістері арқылы озық тәжірибені таратулары арқылы ала аламыз.

Коучинг – (ағылш. coaching) сөзбе-сөз аудармасы – тәлім ету, дайындау, жаттықтыру. Бұл – әріптестердің (коуч пен әріптесі) жаңашыл, белсенді және жасампаз өзара әрекеттестік үдерісі. Коучинг барысында қолданыстағы оқыту тәжірибелерін бірлесіп ойластыру, идеялармен алмасу, коуч тарапынан рефлексиялық диалогқа тарту негізінде басқа мұғалімдер өз жұмысының жекелеген салаларын жетілдіру, оларды тереңірек дамытып,

анағұрлым жоғары сапалық деңгейге көтеру және іске асыру жөнінде шешім қабылдау мақсатында кәсіби білімін, игерген дағдылары мен тәжірибесін жетілдіреді [1].

Коучинг (ағылш. coaching – бапкерлік) – бұл адамға өзінің жеке мақсаттарын айқындау мен оған қол жеткізуге кәсіби көмек. Бұл анықтаманы жасаған коучингтің негізін қалаушы Джон Уитмор.

Коучингтің халықаралық федерациясының анықтауына сәйкес кәсіби коучинг – бұл клиенттерге өз жеке және кәсіби өмірінде нақты нәтижелерге қол жетуге көмектесетін үзіліссіз қауымдастық. Коучинг үдерісі арқылы клиенттер өз білімдерін тереңдетеді, өз ықпалдылығын және өмір сапасын арттырады.

Ағылшын тілінің қысқаша Оксфордтық сөздігі «coach» етістігінің мынадай анықтамасын береді – «жаттықтыру, оқыту, ақыл қосу, бағыттау, деректермен қамтамасыз ету» [2].

Коучинг – бұл серіктестердің өмірде, мансапта, бизнесте ең жоғары нәтижелерге жетуіне ықпал ететін кәсіби қатынастар процесі. Коуч кеңес беретін консультант есебінде емес, мәселелердің шешімін іздеудегі кәсіби дем беруші рөлінде болады. Коуч әрбір клиенттің шығармашылық мүмкіндігін ашады, клиент өмірінде жеткілікті өзгерістердің болуын қамтамасыз ететін оңды нәтижелерге қол жетуді демейді және ықпал жасайды.

Коучингтің басты мақсаттары мыналар болып табылады:

– мынадай құралдар: ықпалды сауалдар, мұқият тыңдау, түйсіктер (интуициялар), өмірлік тепе-теңдікке (балансқа) оқыту және оны бірлесіп табу көмегімен клиенттің проблемалық жағдайларын шешу;

– клиенттің ақырғы шешімді қабылдауы;

– өздігінен оқуды ынталандыру;

– клиент мүмкіндігін (потенциалын) толық ашу;

– клиент түрткісін (мотивациясын) арттыру.

Қазіргі кезде бұл тәсілді қолдануға болатын бірнеше басымдылыққа ие аумақтарды жеке бөліп қарастыруға болады:

- корпоративтік коучинг;
- маркетингтегі коучинг;
- кіші бизнестегі коучинг;
- өзара қарым-қатынас коучингі;
- жетістікке жету коучингі;
- әдемілік және денсаулық коучингі;
- оқытудағы коучинг [2].

Коучинг әдетте коуч пен үйренушінің коучинг сабақ түріндегі тұрақты кездесулері арқылы жүзеге асырылады, дегенмен, кейде тәлім алушының тәжірибесімен тікелей сабақтастықта жүргізілуі мүмкін: белгілі бір мәселелерге қатысты кеңесу, маңызды шешімдерді дайындау және қабылдау барысында ақыл-кеңес беру, көмекшімен жұмыс жүргізу және т.б. (Вильямс, 2007) [1].

Коучингті ересектерді, яғни мектепте қызмет ететін мұғалімдерді оқытуда мақсатқа сай қалай тиімді қолдана аламыз? Ол үдеріс тиімді бола ала ма?

Бұл сұрақтарға былай жауап беруге болады:

Мектептегі коучинг мәдениеті мектептегі педагогикалық ұжым мүшелерінің кәсіби дағдыларын, жеке қабілеттері мен талантын дамытуға және мектептегі білім беру сапасын арттыруға ықпал ететін маңызды әдіс ретінде қарастырылады [1]. Яғни, мектеп ұжымының ішіндегі тәжірибесі мол, кәсіби құзыреттілігі жоғары, өз әріптестеріне көшбасшылық жасауға бейім, мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін арттыруға ықпалы мол интербелсенді әдістер мен технологияларды өз тәжірибелерінде қалай тиімді қолдануға болатындығына жол көрсете алатын мұғалімдер жүзеге асыратын үдеріс.

Коучинг – мұғалімдердің ресурстарын ашып, оларды саналы оқуға және өмір сүруге үйрету мақсатында еңбек етеді.

Коучинг сабақтарының басты мақсаты заманауи талаптарға сай әріптестерімізді оқыту, олардың біліктілігі мен құзыреттілігін көтеру болса, олар арқылы оқушыларды оқыту, оқытудың тиімділігін арттыру, оқушылардың белсенділігін жетілдіру болып табылады. Сондықтан ересектерді оқытуда коучинг үдерісі мектеп ұжымындағы мұғалімдер арасындағы оқытудың күшті ықпал ететін оқыту нысаны деп ойлаймын. Өйткені жоғарыда айтылғандай бүгінгі таңда жастарды жылдам өзгеріп жатқан әлемде өзіне сенімді және табысты болуға мүмкіндік беретін дағдылары мен түсініктерін дамытуға, өмірлік жағдайларда өз білімдерін қолдануға ықпалын тигізетін сын тұрғысынан ойлауға үйретуде басты рөлді мұғалімнің атқаратындығы баршаға мәлім. Осы дағдыларды оқушы бойында қалыптастырып, дамыту бағытында мұғалімнің де оқыту мен оқу үдерістерінің қажетті дағдылары мен терең түсініктерін игерген жағдайда ғана жастардың білімін сапалық тұрғыдан өзгерте алады. Осы бағытта коучинг әр мұғалімнің кәсіби дамуына қолдау көрсетіп, бағыт бағдар беруде таптырмас үдеріс болып табылады.

Коучингті жоспарлау барысында мұғалімдердің қажеттіліктері, яғни оқу мен оқыту үдерісінде кездескен кедергілері анықталып, сол кедергілерді жоюға, алдын-алуға бағытталған. Мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін арттыруға ықпал ететін тиімді әдіс-тәсілдер және әріптестерімен бірге бірлесе кәсіби әлеуметтік ортада жұмысты ұйымдастыру нысандары таңдалып алынады.

Коучингті ұйымдастырудың қажеттілігінің тағы бір жауабы, ол мектептегі мұғалім көшбасшылығының мәнмәтініне сай, коучинг сессиясы барысында нақты проблеманы шешуге бағытталған іс-әрекеттерді бірлесіп қарастыра отырып, өз жұмысының жекелеген салаларын қалай жетілдіріп, жоғары сапалық деңгейге көтеру және іске асыру жөнінде шешім қабылдау арқылы кәсіби білімін, дағды-

лары мен тәжірибесін жетілдіреді. Нақты бір проблеманы шешуге бағытталған әдіс-тәсілдерді өз тәжірибесіне енгізіп, жүзеге асыру арқылы өз бойында көшбасшылық қасиеттерін дамытады.

Тимоти Голвидің айтуынша «Коучинг – оның тиімділігін барынша арттыру мақсатында адамның әлеуетін ашу. Коучинг үйретпейді, үйренуге көмектеседі» демекші, тиімді жоспарланып өткізілген коучинг сессиясында мұғалімдер белсенді жұмыс істей және көтеріліп отырған мәселені әріптестерімен талдай отырып, тақырыптық жаттығулар жасау барысында жаңа білімді қолдану дағдыларын қалыптастырады.

«Коучинг – өзге адамды оқыту мен дамыту, оның қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ету өнері» - дейді Майлз Дауни. Мұғалім көшбасшылығын дамыта отырып әріптестеріне бағдарлама идеясын, әлемдік жаһандану дәуіріндегі талаптарға сай келетін инновациялық әдістер мен тәсілдерді жеткізе алатын коучтарды дайындау өте маңызды мәселе екендігі анық. Коучинг және тәлімгерлік (mentoring), олардың көмегімен мұғалімдер әріптестерін оқытады және мектеп аясында оқыту мен оқуға өзгеріс енгізеді [1] делінген. Бұлардан шығатын қорытынды, коучинг сабақтарын жүргізу барысында мұғалімдердің жаңа білімді меңгеріп, тиімді әдістер мен тәсілдерді қолдануға дағдылануына сыртқы уәж арқылы ықпал ету емес, олардың өздері ойланып барып, ішкі уәждерін ояту арқылы саналы түрде білім алуларын мақсат етіп қою керек.

Ересектерді, соның ішінде мектептегі еңбек өтілі мен кәсіби тәжірибесі әртүрлі мұғалімдерді, олардың қажеттіліктерін қамтамасыз ете отырып оқыту үшін қолданылатын педагогикалық тәсілдердің мұқият таңдалып алынуы оқудың тиімді болуына әкелетін бірден-бір жол деп ойлаймыз. Бұл қызмет бүкіл мектептің мұғалімдерін кәсіби дамытуға, соның негізінде оқушылардың үлгерімін жақсар-

туға үлкен ықпал етуі тиіс.

«Қырық бес жыл мұғалім болсаң да, қырық бес минуттық сабаққа жоспарың болсын» деген орыс педагогы А. С. Макаренко. Коучинг сессиясының жоспары коучтың өзіне дайындаған әдістемелік көмекші құралы, құжаты. Мұғалімдермен өткізетін коучингіңіздің мақсатқа жетуін қаласаңыз, ең бірінші мұғалімдердің қажеттіліктерін анықтап алуыңыз керек, яғни мұғалімдердің құзыреттілігін арттыру үшін неге және қалай көмек көрсете алатыныңыз туралы ойлануыңыз тиіс. Ойластырған немесе мұғалімдерден түскен ұсыныстар бойынша анықталған тақырыпқа сай коучинг сабағының тақырыбы мен оның теориялық мазмұнын, тәжірибелік тұстарын ашатын сабақ мақсатын дұрыс қоя білу нәтижеге жетудің алғашқы қадамы. Дұрыс анықталған мақсат мұғалімдердің сабақ соңында тақырып бойынша не білуі, не түсінуі тиіс екендігін және олардың не істеуге қабілетті екендіктерін сипаттауы тиіс, сіздің сабақ мақсатыңыз оқыту нәтижесін анықтауға мүмкіндік беретіндей құрылуы қажет. Осыған байланысты оқу мақсатын анықтауда SMART-мақсат немесе ақылды мақсат, аббревиатурасын қолдануға болады. Ол ағылшын тілінен алынған сөздер негізінде құрылатын мақсат түрі (Specific – арнайы, нақты; Measurable – өлшеуге болатын, шектеулі талап етушілік; Attainable – қолжетімділік; Realistic - шындыққа сай, қысқа да нұсқа берілуі; Timed – белгілі бір уақыт арлығымен шектелген), яғни белгілі бір уақт аралығында орындауға мүмкін, шынайы қол жетімді мақсат деген мағананы білдіреді. SMART-мақсат талаптарын негізге ала құрастырылған мақсатқа сәйкес күтілетін нәтижелері, табыс критерийлері, сол мақсаттар мен нәтижелерге жетуге бағытталған тапсырмалар мен сұрақтар алынады.

Нәтижеге бағытталған оқыту мұғалімдердің тақырып бойынша білім мақсаттарына табысты жетуін мұқият

ойластыруын қажет етеді. Таным теориясында тұжырымдалғандай, сабақтың нәтижелілігі білім алушы мұғалімдердің саналы және өзіндік реттелетін оқуын ұйымдастыру дәрежесіне байланысты. Сондықтан нәтижелі оқуды ұйымдастыру үшін оқу мақсаттары Блум таксономиясына негізделуін, сол білім мақсаттарына жетуге бағытталған оқу әрекетін басқару мұғалімдердің тәжірибесіне сүйену және жаңа білім мен тәжірибелеріне сүйене отырып мәлімет жинақтау, оны талдау, жинақтау және бағалау арқылы қалыптасу керектігін ескеру маңызды. Ол өз кезегінде мұғалімдерге тақырып идеяларын функционалдық сауаттылық деңгейінде меңгеруге жағдай жасайды. Яғни мұғалімдерге талдау, жинақтау мен бағалауға негізделген тапсырмалар беру оларға бағдарлама идеялары бойынша меңгеріп жатқан білімдерін не үшін, қалай, қай кезде қолдану керектігін, одан қандай нәтиже алуға болатынын, ол қандай өзгерістерге әкелетіні жайлы талдау мен бағалау жүргізу арқылы өз тәжірибесін өзгертуді болжауға және жоспарлауға көмектеседі.

Коучинг үдерісінде мұғалімдердің анықталған сабақ мақсаттарына табысты, нәтижелі жетуін ұйымдастыруда қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыратын әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану маңызды. Қалыптастырушы бағалау мұғалімдерге оқуда жетістіктерге жетуіне және алға ілгерілеуіне тікелей ықпал ететін және коуч мен мұғалімнің арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін оқыту мен оқудың бөлінбейтін құрамдас бөлігі болып табылады. Тиімді оқыту және оқу мақ-

сатында мұғалімдердің түсіну деңгейін анықтау мақсатында оқу мақсаттарына жеткендігінің немесе алға ілгерілеуінің деңгейін қадағалауға мүмкіндік береді. Осы орайда әрбір тапсырманы орындатудың мақсаты, күтілетін нәтижесі, орындауға арналған уақыт межесі мен нақты нұсқаулығы болу керек. Ол өз кезегінде жоғарыда айтылғандай әрбір мұғалімнің мақсатты оқуына ықпал етеді.

Күтілетін нәтижеге сабақ соңында жеткен немесе жетпегендігін анықтайтын өлшеу құралдары белгіленеді. Белгілі бір уақыттың ішінде өз идеялары туралы рефлексия жасап, оларды ойластыруды ынталандыру арқылы өз білімдерін қорытындылап талдауға көмектесу үшін сабақ соңында кері байланыс ұсынылады. Ол ашық сауалдар, бір-біріне өзінің оқу мақсаттары туралы айтып беру сияқты немесе жазбаша, ауызша өзін-өзі бағалау әдістері арқылы жүзеге асуы мүмкін. Бұл кері байланыс сіз үшін өз тәжірибеңізді ары қарай қалай жетілдірудің жолын іздеу болса, біліктілігін арттыруға талпынып отырған мұғалімдердің жеке өз білім деңгейлерін бағалауға және оған қалай жеткенін түсінуге, күшті-әлсіз жақтарын анықтап, келешекте қалай жетілдіруге болатындығы туралы ой толғауы.

Қорыта келе, мектептегі коучинг мұғалімдермен жүргізілетін механикалық үдеріс қана емес, ол коуч пен мұғалімдер арасындағы белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған, ынтымақсаттықта жүргізілетін егжей-тегжейлі жоспарланған іс-шара.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық «Педагогикалық шеберлік орталығы» 2016 ж.
2. <https://aral53.wordpress.com/2010/01/25/коучинг-ілімі-туралы>

РЕЗУЛЬТАТЫ МОНИТОРИНГА ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ СТОЛИЧНЫХ ПЕДАГОГОВ В РАМКАХ ОБНОВЛЕНИЯ ПРОГРАММЫ СОДЕРЖАНИЯ СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

К.А. Исентаева

ФАО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу» ИПК ПР
по г. Астана

Аңдатпа. Қазақстан Республикасының орта білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламасының аясында елорда педагогтерінің кәсіби дамуы, жалпы педагогтерді даярлауды ұйымдастыруды қайта қарау қажеттілігі, атап айтқанда, біліктілікті арттыру бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру жүйесін өзгертуі, оның құрылымын, парадигмасын, әдіснамасын, мазмұны мен технологиясын жаңғыртуға әкеледі. Пәндер бойынша жаңартылған бағдарламалар аясында олардың педагогикалық шеберлігін, критериалды бағалау жүйесін енгізуін, педагогтердің құзыреттілігін және кәсіби қызметке дайындығын қалыптасу көрсеткіштерінің өзгертуін жетілдіруде, педагогтердің кәсіби даму нәтижелілігін біліктілікті арттыру курстарының сапасына жасалған кешенді мониторинг деректері көрсетеді.

Аннотация. Профессиональное развитие столичных педагогов в рамках обновления программы содержания среднего образования Республики Казахстан, как отражение необходимости пересмотра подходов к организации подготовки педагогов в целом и в частности повышения квалификации привела к модернизации системы повышения квалификации педагогических работников, изменив ее структуру, парадигму, методологию, содержание и технологию. Данные комплексного мониторинга качества курсов повышения квалификации отображают результативность профессионального развития педагогов, совершенствование их педагогического мастерства в контексте обновления Программ по предметам, внедрение системы критериального оценивания, изменение показателей сформированности компетенций педагогов и готовности к профессиональной деятельности.

Abstract. Professional development of the capital's teachers in the framework of updating the curriculum of the secondary education of the Republic of Kazakhstan, as a reflection of the need to revise the approaches to the organization of teacher training in general and in particular the upgrading of qualifications, led to the modernization of the system for improving the qualifications of pedagogical workers by changing its structure, paradigm, methodology, content and technology. The data of the integrated quality monitoring of the refresher courses reflect the effectiveness of the professional development of teachers, the improvement of their pedagogical skills in the context of updating the Programs in subjects, the introduction of a system of criterial evaluation, the change in the indicators of the competence of teachers and readiness for professional activity.

Түйін сөздер: біліктілікті арттыру, мониторинг, кәсіби даму жүйесін жаңғырту, кәсіби даму, орта білім бағдарламаларын жаңарту.

Ключевые слова: Повышение квалификации, мониторинг, модернизация системы повышения квалификации, профессиональное развитие, обновление программы содержания среднего образования.

Keywords: training, monitoring of, modernization of the system of professional development, professional development, updating the curriculum of secondary education.

«Учитель должен знать множество различных педагогических приемов. И должен использовать их как поддержку и содействие в своей деятельности».

А. Байтурсынов

Качественное изменение образования невозможно без формирования нового взгляда учителя на свое место и роль в учебном процессе, нового отношения к ученику. Поэтому важно, чтобы учитель сам понимал суть новых изменений, смысл нового качества образования и новых образовательных результатов. На наш взгляд, переход к новой школе без соответствующей подготовки учителей, методистов и руководителей школ был бы преждевременным, и реализовать на практике новые теоретические идеи без осмысления принципиально новых целей и задач, содержания и технологии обучения, новой формы оценивания было бы неправильным. Согласно развитию системы непрерывного профессионального образования педагогов в качестве одной из приоритетных задач в документе, определяющем сущность современной государственной образовательной политики Государственной программы развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы необходимо осуществить переподготовку и повышение квалификации педагогов с учетом нового компетентностно-ориентированного содержания образования, новых подходов к обучению и методике преподавания [1].

В этой связи, как отражение необходимости пересмотра подходов к организации подготовки педагогов в целом и в частности повышения квалификации привела к модернизации системы повышения квалификации педагогических работников, изменив ее структуру, парадигму, методологию, содержание и технологию.

Сущность системы повышения квалификации, заключается в создании условий реализации прав педагогических

работников на повышение квалификации, профессионального роста педагога, удовлетворении потребностей педагога в повышении квалификации, что является личной целью каждого педагога и выполнения общественно-государственных требований к компетентности специалиста.

Разработанная АО «НЦПК «Өрлеу» модель мониторинга качества курсовой подготовки педагогов позволяет изучить запросы и потребности педагогов в повышении своей профессиональной компетентности, состояние выполнения требований Закона РК «Об образовании» (ст.51.6) [2], цели посещения педагогов курсов повышения квалификации, ожидаемые результаты от пройденного ими курсов ПК - удовлетворение курсами ПК и вносимыми предложениями по совершенствованию системы повышения квалификации.

Целью мониторинговых исследований курсов повышения квалификации в рамках обновления программы содержания среднего образования Республики Казахстан является содействие в повышении качества образовательных услуг, предоставляемых институтом повышения квалификации на основе мониторинговых исследований качества курсовой подготовки и послекурсовой деятельности педагогов [3].

Мониторинг качества курсовой подготовки в рамках обновления программы содержания среднего образования базируется на принципах интегративности, непрерывности, системности, научности, целостности, индивидуализации, является полифункциональным, позволяет установить степень соотношения между требованиями обучающихся и возможностями их удовлетворения, предостав-

ляемыми ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по городу Астана и обеспечивает управление качеством курсовой подготовки педагогов. В основу мониторинга заложена идея установления соотношения (степени соответствия) между образовательными потребностями обучающихся и возможностями их удовлетворения, предоставляемыми институтом повышения квалификации.

Изменение содержания школьного образования предполагает, прежде всего, трансформацию мышления современного педагога, переход от учителя-информатора к учителю-катализатору, ключевая задача которого заключается в активизации мыслительной и учебной деятельности учащихся.

Профессиональное развитие столичных педагогов в рамках обновления программы содержания среднего образования Республики Казахстан направлено на совершенствование педагогического мастерства учителей в контексте обновления Программ по предметам и внедрения системы критериального оценивания.

В рамках курсов повышения квалификации ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по г. Астана по обновленным программам в I полугодии 2017 года обучилось 1239 педагогов столицы, где в процессе повышения квалификации педагоги ознакомились со структурой и содержанием учебной программы, системой критериального оценивания, дифференцированным обучением посредством разных методов и приемов, внедрением в работу форм стратегий активного обучения для понимания и совершенствования своего опыта на принципах обучения.

Мониторинговое исследование входного анкетирования показало, что 74% педагогов столицы пришли на курсы с целью повышения своей квалификации; 54% - имея стремление овладеть современными технологиями, методами обучения и воспитания; 39% - подготовиться

к работе в условиях обновления содержания образования; 32% - испытывая потребность в непрерывном повышении квалификации; 15% - получить сертификат; 6% - по распоряжению руководства. Таким образом, основной целью обучения слушателей является повышение своего профессионального мастерства и уровня компетентности.

Большая половина слушателей (86%) пришли на курсы ПК, имея общее представление о планируемом обновлении содержания образования, где 14% из них еще отметили, что не имеют конкретных знаний о содержании обновления среднего образования.

Оценка результатов обучения в выходящем анкетировании показала, что:

- знание и понимание предпосылок обновления содержания среднего образования на «отлично» и «хорошо» усвоили 96% педагогов, «средне» - 4%;

- знание и понимание содержания, целей и задач образовательной программы данных курсов на «отлично» и «хорошо» - 95%, «средне» - 5%;
- умение практически использовать педагогические подходы, учебные материалы образовательной программы данных курсов на «отлично» и «хорошо» - 93%, «средне» - 7%;

- понимание системы критериального оценивания и знание методики внедрения в практику на «отлично» и «хорошо» также усвоили 93%, «средне» - 7%;

- умения и навыки, необходимые для реализации обновленного содержания на «отлично» и «хорошо» - 92%, «средне» - 8%. Это говорит о том, что все педагоги усвоили знания и навыки, предъявляемые при прохождении курсов повышения квалификации в рамках обновления содержания образования РК.

Полное усвоение планирования уроков после завершения курсов ПК в рамках обновленной образовательной программы произошло у 73% педагогов, частично - 27%. Не усвоивших программу педагогов либо затруднившихся ответить

отсутствуют.

Особенности методики преподавания по своему предмету полностью усвоили 77% учителей, частично - 23%.

Анализ чувств педагогов при завершении курса показал, что большая часть педагогов (70%) испытала творческий подъем, где 30% из них ощутили только удовлетворенность.

Свои ожидания от курсов ПК реализовали больше половины слушателей (75%), частично реализовали отмечают - 25%.

Согласно результатам изменения взглядов слушателей на современную организацию процесса обучения в условиях обновления среднего образования после данных курсов у 98% изменились взгляды на совершенствование педагогического мастерства в контексте обновления содержания образования ПК.

После окончания курсов 62% столичных педагогов желают поддерживать связь с институтом через дистанционные или мобильные формы взаимодействия (образовательный портал, skype, whatsapp, агент mail.ru и др.), 45% - участвовать в работе творческих мастерских по руководством специалистов ИПК, 42% - через издательскую деятельность (публикации в журналах и газетах, издаваемых ИПК) и 36% - участвовать в межкурсовых мероприятиях.

В своих пожеланиях или предложениях по улучшению услуг, предоставляемых ИПК, слушатели курсов пишут, что после прохождения курсов ПК будут смотреть на занятия совсем с другой стороны, что обновленная программа внесла коррективы в работу многих учителей, а также предлагают на курсах ПК давать больше практики в составлении планирования урока и в микропреподавании, показывать больше мастер-классов по преподаваемым предметам и изыскать возможность проходить курсы дистанционно, без отрыва от производства.

Как показывает опыт, мониторинг – основополагающий механизм управлением качеством образования. Отличительная черта – достоверная информация о соответствии фактического результата его ожиданиям. Обратная связь мониторинга – сущностный аспект управления. На ее основе меняется отношение к результату, пересматриваются способы достижения текущих, промежуточных и конечных целей. Эффективность мониторинга обеспечивается требованиями, которыми должна удовлетворять информация: это ее полнота, адекватность, достоверность, непрерывность, структурированность и специфичность для каждого уровня мониторинга.

Кафедрам и отделам важен в первую очередь результат мониторинга по обновлению содержания образовательной программы. Они получают полную информацию об усвоении слушателями каждой структурной единицы (модуля) образовательной программы. На основе таких данных из курса в курс, из года в год выявляются некоторые структурные единицы, которые вызывают затруднения у педагогов, что позволяет разрабатывать методические рекомендации по преодолению этих трудностей.

Администрации организаций образования система педагогического мониторинга позволяет отслеживать уровень обученности педагогов по модулям, выявлять динамику, оценивать качество преподавания конкретным педагогом, активизировать методическую работу педагогов по актуальным проблемам содержания образовательной программы, контролировать оптимальность учебно-тематического плана и на основе данных педагогического мониторинга осуществлять его корректировку.

Объективная, валидная, дифференцированная система контроля гарантирует высокие результаты освоения знаний, умений, навыков и компетентностей педагога в целом.

Отсюда можно сделать выводы о том, что педагоги столицы всесторонне изучили педагогические подходы и навыки, необходимые в профессиональной деятельности успешного учителя, получили возможность апробировать в процессе микропреподавания эффективные методы планирования занятий на основе приобретенных в ходе обучения знаний и умений, углубили свои знания по данным аспектам программы. Слушатели

курсов работали в тесном взаимодействии и сотрудничестве как между собой, так и с тренером. Учителя не только получали знания, но и демонстрировали свои умения и навыки работы, делились педагогическим опытом.

Данные курсы способствовали развитию профессионального развития педагога и позволили ему взглянуть по-новому на грядущие изменения в средней школе.

Список литературы:

1. Национальный план действий по развитию функциональной грамотности школьников на 2012-2016 годы, постановление Правительства Республики Казахстан №832 от 25 июня 2012 года.
2. Ахметова Г.К. Стратегические ориентиры модернизации системы повышения квалификации в Республике Казахстан //Менеджмент в образовании -2011.-№4.
3. Ахметова К.И. Мониторинг как средство оценки эффективности процесса повышения квалификации педагогических кадров//Молодой ученый. 2012-№8.
4. Технология мониторинга как средство отслеживания и управления качеством повышения квалификации педагогов – Алматы: АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР РК, 2013г – 119 стр.



СИНТАКСИСТІК ОМОНИМИЯ НЕГІЗІНДЕГІ АССИММЕТРИЯ

Д.Т. Айтбаев

Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті,
Ташкент қ., Өзбекстан

Аңдатпа. Мақалада синтаксистік омонимия туралы ой қозғалады. Автор аталған мәселеге арналған ғылыми жұмыстарға шолу жасап, жұмыс авторларының көзқарастарын сынға алады. Автор орыс тілтанушыларының зерттеулеріне талдау жасап, оларды екі топқа бөледі: синтаксистік омонимияны тілдік аспект проблемасы деп есептейтіндер мен оны сөйлеу аспектісінің проблемасы деп есептейтіндерге. Мақала соңында автор синтаксистік омонимия мен полисемия тілдік аспект проблемасы деген қорытындыға келеді.

